

«ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДА» секциясы

Қазақстандағы лагерлер жүйесінің қалыптасу тарихы

Әміржанова Г.Ж.

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Жұмабеков Ж.А.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Лагерлердің пайда болу тарихы, зорлық еңбек экономикасы мен басқару құрылымы, тұтқындар категориясы, лагерлердегілердің күнделікті тұрмысы, әйелдер мен жас балалардың жағдайы, тұтқындар мен оларға қызмет көрсетушілердің, бұзақы қылмыскерлер мен саяси тұтқындардың өзара қарым-қатынасы, тұтқындарды күзету, тыңшылар, жазалау мен мадақтау, ауруханалар мен медпунктер жұмысы, тұтқындардың қаза табу себептері, кісі өлтіру, тұтқындардың қарапайым жерлеу рәсімі – Сталиндік террор сот істерін жалған жолмен жүргізу арқылы сонау 20 жылдардың соңында «Шахтинск ісі» дегеннен басталды. [1, 10 б.]. Онда индустриализациялауды атүсті жүргізу барысында пайда болған табиғи кедергілерді байырғы инженерлер интеллигенциясына жауып, оларды орынсыз қуғын-сүргінге ұшыратты (деректер бойынша: шамамен 5-тен 10 миллион адамға дейін құрбан болды, 40-50 миллион шамасында репрессияға ұшырады, 22 миллион адам жер аударылды). [1, 10 б.]

Қазақстанда лагерлер жүйесінде Қарағанды еңбекпен түзеу лагерлері бірінші орында. Осының негізін Қарағандының еңбекпен түзеу лагері КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1930 жылғы мамырдағы қаулысы арқылы ашылды: « 2. ...лагерьге бөлінетін жерді дереу бөліп, жұмыс жүргізетін техникалық қызметкерлерді іріктеу тапсырылсы. ...». [1, 12бет]. Осы қаулыға сәйкес 1930 жылғы 13 мамырда Қарқаралы округінің Бесоба мен Қоянды жәрмеңкесі арасындағы 110 мың гектар жер бүкіл құрылыстарымен лагердің құрамына берілді. Сөйтіп, Қарағанды еңбекпен түзеу лагері 1931 жылы 19 желтоқсанда құрылды, лагердің орталығы Қарағанды қаласынан 45 шақырым жердегі Долинка селосы болды, оған 120 мың гектар егістікке жарамды жер, 41 мың гектар шабындық жер бөлініп берілді [2, 24бет]. Карлаг-ты құрудағы басты мақсаттардың бірі – сол кезде буырқана дами бастаған Орталық Қазақстандағы қарағанды көмір бассейніне, Жезқазған және Балқаш мыс қорыту кобинаттарына аса ірі азық-түлік базасын жасау болды. Оған осынау өнеркәсіп салаларын құрып, дамытуға жұмыс күші де қажет болды. Мәнісінде ол мемлекет ішіндегі мемлекет болды.

Карлагтың Ақмола бөлімшесінің құрылу тарихы 30-шы жылдардың соңындағы елдегі саяси жағдаймен тығыз байланысты. Одақта әйелдерге арналған барлығы 4 лагер болды. Олардың маңызды орталағы және ауқымдысы – «АЛЖИР». «АЛЖИР» (Акмолинский лагерь жен изменников Родины) – «ОСӨАЛ» (Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері). 1938 жылы 6 қаңтарда «Р-17» еңбекпен түзеу лагерінің орнына құрылған. [1, 46 б.]. Әуелде лагерге бір жастан үш жасқа дейінгі балалары бар елу әйел әкелінді. Кейін, «АЛЖИР-ге» елдің тұс-тұсынан: Москвадан, Украинадан, Армениядан, Орта Азиядан тұтқын әйелдер әкеліне бастады. Бұл лагерьде партия, кеңес органдарындағы басшы қызметкерлердің, соғыс қайраткерлерінің, көрнекті ғалымдар мен жазушылардың әйелдері отырды.

Лагерлердің мақсаты – социализм құрудың сталиндік бағдарламасын жүзеге асыру үшін тұтқындардыңтегін еңбегін жаппай пайдалану еді. Сол қараңғы қапас лагерлердің ішіндегі жағдай ешкімге беймәлім еді. Сондықтан басшылық тұтқындардың қара күш, маңдай тер еңбегін де пайдаланып қоймай, жазықсыз шыбын жандарын шырқыратты. Бұған

жазықсыз адамдарды бас жоқ, көз жоқ жазалай беру КСРО ВЦИК-тің 1932 жылғы 7-тамыздағы заңы бойынша және басқа да бірқатар қылмыстық, қылмыстық-процессуальдық заңдар бойынша жүзеге асырылуы дәлел. Сондай-ақ 1934 жылғы 8-маусымдағы «Отанға опасыздық туралы», 1934 жылғы 1-желтоқсандағы «Террорлық әрекеттер дайындап, жүзеге асырғандар» және көптеген басқа Заңдар мен 1947 жылғы 4 шілдедегі Жарлықтары осы мақсатқа қызмет етті [1, 15 б.]. Оған бұлтартпас дерек көзі ретінде Абдолла Абдырахмановтың айтқандары дәлел бола алады [3, 12 б.]. Ол кісінің баяндауына қарасақ, «әкесін 1938 жылы «халық жауы» деп түрмеге тоғытқан. 1941 жылы әкесінің қайтыс болғаны туралы суық хабарды естиді. 1948 жылдың маусым айында НКВД жендеттерінің қанды шекпеніне ілінгенін, ауылдан қарға адым шықпаса да «Жапония тыңшысы» деп бір-ақ сәтте жала жауып, «тыңшы» етіп шығарғанын айтты. Сонымен қоймай «сен халық жауының баласысың, Жапонияның агентісің, Иранның десантысың» деген айыптар да таққан. Шындықты айтып шырылдағанын ешкім елемеген, керісінше, тергеуге алып азаптап, ұрып соққан. Озбырлықпен қинағанның әсерінен талықсып кетсе, үстіне мұздай су құйып, ақыры құжаттарға қол қойғызып алған» («Абыз» газетінде жарияланған «Мағжанның жұмбақ өлімі туралы аңыз бен ақиқат» мақаласындағы сұхбатынан). Тек бұл ғана емес, әліде естілмеген, жазылмаған әртүрлі жайттар бар. Солардың бірі, қазіргі кезде көзі тірі Нұрғайша Жағыппарқызының жүрегіне жазылмас жара салған естеліктері. Біразды көрген Нұрғайша Жағыппарқызының айтуы бойынша, «сол кезеңдерде кем дегенде бір ауылдың өзінен үш-төрт адам тұтқынға алынған екен. Ол кісілер 25 жылға сотталып, босап шығып, қара шаңырақ үйлеріне оралады. Сол кісілерден сұрастырып білсе, жоғарыдағы басшылар тұтқындарды өз айтқандарына көндіру үшін әртүрлі жазалар қолданатынын айтқан. Солардың ішіндегі жантүршігерлігі: тырнақ арасына ине тығып, жаншылап, азаптауы» (Нұрғайша Жағыппарқызынан алынған сұхбатым (27. 03. 2016 ж.). Тек бұл ғана емес, әлі көптеген ашылмаған тарихтың беттері сансыз.

Осы жылдарда жаппай ұжымдастыруға қарсылық білдіргендерге ең қатаң жаза қолдана бастады. Бұлардың бәрін соттан сыртқары, ОГПУ-дың жергілікті ерекше кеңестері соттаған. Жөңсіз жазалау факторлары, неғұрлым ашықтан-ашық түрдегі зорлық-зомбылықты жүзеге асырушы қаптаған мемлекеттік ақпараттық қызметі (ВЧК – ОГПУ – НКВД) Сталиннің дара билігін күшейтуде маңызды рөл атқарады.

ГУЛАГ лагеріндегі тәртіп адамды бүтіндей тұқыртып, қорлауға, азғындатып құртуға негізделген. Тұтқындарды мүсәпір, жігерсіз құлға айналдырып, олар тек берген жер-көр тамақты ішіп, көрінген жерге жатып, жұмыс істесе болған деген мақсат көзделген. Тексеру актісінде: «Тұтқындардың күзету жағдайы жақсы, қарулы жауынгерлер жеткілікті. 12 күзетші және иісшіл иттер бар. Күзетшілер казармасы ойдағыдай, тамақ үздіксіз беріледі, отынмен қамтамасыз етілген» деп жазылған болса [2, 35бет]. Ал бұл актіде мынадай өтініш білдіріледі: «Тұтқындарды барақтар бойынша үнемі тінтіп тұрмайды. Ешбір учаскеде карцер жоқ, сондықтан да айыпты болып қалған тұтқындарды қамайтын орын табылмай, соның салдарынан көптеген айыптылар жазасыз қалады. Тұтқындар малға берілген кебектерді ұрлап, одан өздеріне самса пісіріп жейді» деп керекқар пікір айтылған.[1, 37 б.]. ГУЛАГ қызметкерлерінің 1941 жылғы 5-ақпандағы жазған құжатында былай деп көрсетілген: «Тұтқындар стандартты, шикі кірпіштен салынған екі барақта орналасқан. Ішінде қос қабат сөре, едені жоқ. Сөрелердің арасы батпақ, су шылқып жатады. Пеш күнде жағылмайды,... . Көптеген тұтқындарды төсек-орын жоқ. ... Жұмыс басында тіпті қайнамаған судың өзі жоқ. Тұтқындар судың орнына қар жейді. Киім мен аяқ киімнің жоқтығынан жұмысқа шыға алмаса, жарытып берілмейтін астың өзінен шектетіліп, жаза бөлмесіне жіберіледі. 45 жаза бөлімшесінің 41-і талапқа сай емес» [1, 36бет]. Осындай жағдайды баснан өткізгендердің бірі Қарағанды облыстық партия комитетінің бұрынғы екінші хатшысы Н. Нұрсейітов, НКВД басқармасының бастығының атына жазған өтінішінде бастан өткерген азаптарының себептерін көрсетпей, былай деген: «Мен 1937 жылы 24 маусымда тұтқындалдым, міне, түрмеде демалмастан жұмыс істеп жатқаныма айдан асып барады. Тынығуға мүмкіндік беруіңізді сұраймын»[1, 23бет].

ГУЛАГ-тың 1943 жылғы 16-наурыздағы өкімі негізінде тұтқындарды жерлеудің мынадай тәртібі белгіленген:

1. Бірнеше мүрдені жалпы молаға қатар жерлеуге рұқсат етілсін.
2. Өліктер табытсыз және ақыретсіз жерленсін.
3. Моланың тереңдігі 1,5 метр, ені мен ұзындығы жерлеушілердің санына қарай белгіленуге тиіс.[1, 39 б.].

Қаншама лагерьлерде көптеген адамдар із-түзсіз, жермен жексен болып кеткен. Архипелагта ешқандай белгі қалмаған.

Ал егерде лагерьден қашқындар шығатын болса, жанашырлық танытпай, ең ауыр үкім – өлім жазасына кескен. Деректердің көрсетуі бойынша, 1943 жылы майданнан келген екі солдат тұтқыннан қашып құтылуға талап жасаған. Ал оларды лагерь басшылары қабаған иттермен қуған. Қашқан тұтқындар өз еріктерімен берілгеніне қарамастан, оларды итке талатып өлтіріп, зонаға алып келген. Тәртіп бастығы «кім де кім қашуға талпынса осындай күйге ұшырайды» деп сес көрсеткен [6, 54 б.].

Асыра сілтеу кезінде орган қызметкерлері жаман атакқа қалса да, олардың арасында заңды бұзуға қарсылық көрсетіп, ар-ұятын аттамаған адалдары да аз болған жоқ. Алайда олар сол адалдығы үшін өздері құрбан болып кетті. Қуғындаудан Қазақстан саңлақтары да шет қалған жоқ. Соның бірі Қазақ КСР ішкі істер Халкомының бөлім бастығы С. Жақыпов. 1937 жылы қуғын-сүргінге қатысудан ашықтан-ашық бас тартқаны үшін тұтқындалды. Тек бұл кісілермен шектеліліп қалған жоқ, Жалпы Одақ бойынша 20 мыңнан астам чекистер адалдығы үшін азапқа түсті [4, 83 б.]. Алайда, 1985 жылдан бастап мемлекеттік қауіпсіздік органдары сталиндік қуғын-сүргін кезінде заңға сиымсыз қылықтарға жол берген қызметкерлерден тазартыла бастады. Мемлекеттік заңдылықты өрескел бұзғаны үшін НКВД – МГБ-ның (Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі) қызметкерлеріне түрлі жазалар қолдып, партиялық-әкімшілік жазалар тағайындалды.

Қазақстандағы лагерьлер жүйесі дегеніміз зорлық-зомбылықтың ұлан-асыр территориясына айналыды. Бүкіл Гулаг қатігездік пен алданыш әлеміне айналды. Лагерь басшыларының ойынша тұтқындар екпінді еңбек етеді деген үміт болды, ал тұтқындар әділет жеңіп, босаймыз деген үмітпен өмір сүрді. Бүкіл система бұрынғы патшалық қатаң тәртіппен кеңестік әділеттілікке көшеміз деген принцип ұстанса да, лагерьлер бұл мемлекеттің жаппай зорлықшыл мәнісін айдай әлемге паш етіп тұрды. Ол адамдарды тұқыртып, адамдар еңбегі мен табиғат ресурстарын ысырапқа ұшыратты. Осы қуғын-сүргін толқыны кесірінен қаншама азаматтардың ұрпағымның жарқын болашағы, арман-мақсаттары күл болды. Бірақ сол бас көтерер азаматтар соңғы демі, қасық қаны қалғанша қарсы тұрып, әділдіктің, адамгершілік пен ақиқаттың таңы атарын, қазақтың қараңғылығына жарық сәуле шашарын білді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Шаймұханов Д. А. Шаймұханова С.Д. Карлаг. Алматы, 1997 ж..
 2. Дулатбеков Н.О. Степлаг. 2011 ж.
 3. «Абыз» газеті 2014 ж.
 4. «Карлаг: нәубет жылдардың жазылмас жарасы» электрондық кітап. 2012 ж.
 5. «Карлаг: болашақ үшін есте сақтау» электрондық кітап. 2012 ж.
- «Карлаг: қапастағылар қаламынан» электрондақ кітап. 2012 ж.